**Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, басқа мүдделі министрліктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар жыл сайын 5 қаңтарға және 5 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Бағдарламаның орындалуы туралы есептерді ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 қаулысымен бекітілген

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ШАРАЛАРДЫҢ 2005-2007 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

## 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның атауы | Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздемелер | Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы , "Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мәселелері жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 358-ө өкімі |
| Әзірлеуші | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| Бағдарламаның мақсаты | Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер қызметі саласын барынша кеңейтуге және оларды жандандыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру есебінен Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру |
| Бағдарламаның міндеттері | Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін барынша ашық заңнамалық негіз құру;<br>экономиканы бюрократиясыздандыру және әкімшілік кедергілерді жою;<br>шағын және орта кәсіпкерлікте көлеңкелі айналымды қысқарту;<br>мемлекетке бейінді емес функцияларды рыноктік ортаға, бірінші кезекте, шағын және орта кәсіпкерлікке беру;<br>кластерлік-желілік ұстаным негізінде өмір сүруге қабілетті инфрақұрылымдық жүйе құру және қамтамасыз ету;<br>инновациялық экономикада кәсіпкерліктің қатысуы. |
| Іске асыру мерзімдері | 2005-2007 жылдар |
| Қаржыландыру көлемі мен көздері | 2005 жыл - 11 181,12;<br>2006 жыл - 10 215,12;<br>2007 жыл - 10 000. |

Көрсетілген мақсатқа жыл сайын бөлінетін қаражат шегінде республикалық бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да көздер есебінен.
Бұл ретте, қаржыландыру көлемі белгіленген тәртіппен тиісті жыл бюджетін қалыптастыру мен нақтылау кезінде нақтыланады. Шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруға ұлттық компаниялардың қаражаты тартылады.

| | |
|---|---|
| Күтілетін нәтижелер | Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде:<br>2005-2006 жылдары Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық кесімдері әзірленеді және қабылданады;<br>2005 жылы шағын және орта кәсіпкерлік саласында мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын қысқарту мен жүйелендіру жөнінде шаралар қабылданады;<br>2005 жылы кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық моделі әзірленеді;<br>2005 жылы Үлкен қаржылық маркет құрылады;<br>бастапқы кезеңде 2005 жылы негізінен аудан орталықтар мен шағын қалаларда 160 микрокредиттік ұйымдар құрылады;<br>2005-2006 жылдары кезеңімен мемлекеттің бейінді емес функцияларын шағын және орта кәсіпкерлікке беру жүргізіледі;<br>үш жыл ішінде шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беру 95 млрд. теңгеге дейін ұлғаяды;<br>мемлекеттің жеке сектормен өзара іс-әрекетінің жаңа идеологиясы жасалады. |

## 2. Кіріспе

Осы Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан экономикалық,

әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауына , Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтың жетекшілігімен өткен кеңестің 2005 жылғы 19 ақпандағы N 007-222 хаттамасының 11-тармағына сәйкес әзірленді.

"Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мәселелері жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 358-ө өкімімен төрт жұмыс тобы құрылды, олардың жұмыстарының мақсаты шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыстардың жаңа нысандарын айқындауға, оның жедел дамуы, кәсіпкерлік пен мемлекет арасындағы өзара іс-әрекет тиімділігі үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыруға жаңа ұстанымдар әзірлеуге бағытталған.

Осы уақытқа дейін Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау белгілі бір қысқа мерзімді тиімділік берген салық жеңілдіктерін беруге және мемлекеттік қаржы есебінен жеңілдікпен қаржыландыруға назар аударылды, бірақ жүйесіз жүргізілді. Бұл, шағын кәсіпкерлікті дамытудың перспективалары мен міндеттері ұзақ мерзімді перспективаға арналған мемлекеттің экономикалық дамуының мақсаттары мен басымдықтарының жалпы жүйесімен өзара байланыссыз оның өз проблемалары тұрғысында қаралуымен түсіндіріледі.

Негізгі мақсаты елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылатын 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясының қабылдануы мен іске асырылуын ескере отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын қайта қарау және мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-әрекетінің жаңа идеологиясын жолға қою қажет.

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлік инновациялық экономикада өз орнын жедел іздеу үшін өзінің икемділігін, ұтқырлығын, рыноктік объективтілігін пайдалануы қажет жағдай пісіп жетілді. Мемлекет, өз кезегінде кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауы және өз көмегін шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан едәуір әлеуеті бар кәсіпорындарға және елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға бағыттауы тиіс.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жедел шараларын қабылдауда. Осы бағдарлама кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың жаңа мемлекеттік саясатына және мемлекет пен бизнестің өзара қатынасының жаңа идеологиясына көшудің өтпелі кезеңі ретінде қаралады.

## 3. Шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен дамуын талдау

## Параграф 1. Жалпы ережелер

Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтылығы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына оң ықпал етті.
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2005 жылғы 1 қаңтарда республикада 208,4 мың заңды тұлғалар тіркелген, оның 195,7 мың шағын кәсіпорындар құрайды, орта кәсіпорындар - 10,67 мың. Бұл ретте, шағын кәсіпкерлік субъектілері жалпы санының 93,9%-ын құрайды.
Шағын кәсіпкерлікте (заңды тұлғалар) жұмыспен қамтылған азаматтардың саны 2005 жылғы 1 қаңтарда 524,6 мың адамға жетті, өсу 2003 жылғы тиісті күніне 8,7%-ды құрады.
Шағын кәсіпкерліктің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 2003 жылы 16,2%-ды құрады, яғни салыстырмалы түрде шағын және орта кәсіпкерлік шамамен 25%-ды береді.
Заңды тұлғалар - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен кірістерінің артуы 2004 жылы 2003 жылға қарағанда 8,7 %-ды құрады.
Шағын кәсіпорындардың қалыптасқан салалық құрылымы соңғы жылдары мүлдем дерлік өзгерген жоқ. Белсенді заңды тұлғалар - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санынан сауда, автомобиль жөндеу және үйде қолданатын бұйымдар саласы - 40,5%-ы басым жағдайды иеленген, шағын кәсіпкерлік саласында белсенді халықтың жиынтық саны 163,6 мыңы жұмыспен қамтылған (шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 31 %-ы).
2003 жылы көлеңкелі экономиканың үлесі ЖІӨ-ден 22,6%-ды құрады, әйтседе 1992 жылдан 1998 жылдар кезеңінде аталған көрсеткіш орташа 30-38%-ға дейінгі аралықта бағаланды.
Бүгінгі күнде кәсіпкерлер қос бухгалтерлік жүргізе отырып, астыртын өндіріспен және жалған мәмілелермен айналысып не басқа да көлеңкелі операцияларға қатысып өз қызметтерін салықтардан жасыруға тырысады.

## Параграф 2. Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы заңнамаға талдау

Бүгінде Қазақстандағы экономикалық өзгерістер құқық саласындағы қайта құрылымдауды басып озуда. Мұндай жағдай шағын және орта кәсіпкерлік саласында да қалыптасқан.
Мысалы, қолданыстағы құқық жүйесінде "де юре" әрекет етуін жалғастырып жатыр , кейін қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерге қайшы келетін, қайшылықтар туғызатын не құқықтық мәнін жоғалтып, ескірген кіші заңи кесімдер бар.
Жоғарыда аталғандар, уәкілетті органдар тарапынан өздерінің нормативтік құқықтық кесімдеріне және басқа да мемлекеттік органдардың олардың бастамасы

бойынша қабылданған кесімдеріне тұрақты мониторинг жүргізбегендіктен.

2004 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша 10 195 Үкімет қаулылары, оның ішінде жою және өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қолданыста деп есептеледі. Үкіметтің қолданыстағы қаулыларының 420-сы дербес нормативтік құқық кесімдер тікелей кәсіпкерлік қызметті реттейді.

Оларды қарау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 357 қаулысының күші жойылды деп танылды.

Бір жағынан қолданыстағы заңнаманың қолданыстағы заңнама жүйесінен заңсыз кесімдерді "болдырмауды" қамтамасыз ететін тетіктері жоқ.

Шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімді қабылдау қажеттігін негіздеу кезінде орындылығын жан-жақты талдау және шағын және орта кәсіпкерліктің жекелеген проблемаларын мемлекеттік реттеудің одан әрі тиімділігі жүзеге асырылмайды.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта нормативтік құқықтық кесімдер әрекетінің одан әрі нәтижелілігін қадағалап отыру тетігі мүлдем дерлік жоқ, мұндай нәтижеліліктің көрсеткіштері мен өлшемдері айқындалмаған.

Әкімшілік кедергілер жеткілікті кездесетін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тыныс тіршілігін үш кезеңге бөлуге болады;

тіркеу және қайта тіркеу;

әрекет етуі және дамуы;

тарату.

Жоғарыда аталған әрбір кезеңде шағын және орта кәсіпкерліктің икемділігіне, белсенділігіне және ұтқырлығына әсер ететін көптеген проблемалар кездеседі, нәтижесінде олардың дамуын тежейді.

Тіркеу, қайта тіркеу және тарату кезеңдерінде.

216 заңнамалық кесімдерді қамтитын рұқсат ету жүйесінің қолданыстағы заңнамалық базаны ерекше айта кету керек және бизнес жүргізу жөніндегі жоғары шегерімдердің себебі болып табылады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тіркеу және қайта тіркеу рәсімдері әр жерде орналасқан, түрлі ұйымдар беретін көптеген құжаттарды қажет етеді. Рыноктің конъюнктурасына байланыстығын ескере отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызмет түрлерін үнемі өзгертіп отырады. Бұл, құрылтай құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және тіркеуші органға хабарлауға, сондай-ақ рұқсаттардың көптеген түрлерін алуға әкеліп соғады.

Көптеген елдерде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметін қолдау үшін " бір терезе" қағидаты бойынша тіркеу мен қайта тіркеуге жағдай жасалған. Мысалы, 2,4 млн. шағын және орта бизнес субъектілері бар Францияда тіркеу процесі 24 сағатты

құрайды, қалған заңды тұлғалар "бір терезе" қағидаты бойынша 10 күн ішінде тіркеледі . Бүгінде Қазақстанда бизнес - қоғамдастық құптаған осындай жүйе енгізілді.

Әрекет етуі мен даму кезеңінде.

Кәсіпкерлердің қызметінде көпшілік жағдайларда негізінен әкімшілік бұзушылықтар орасан көп бақылау-қадағалау функцияларға ие мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулердің нәтижесінде анықталады.

Мұнда:

тексеру, бақылау және қадағалау мәселелерін реттейтін құқықтық нормалар әртүрлі нормативтік құқықтық кесімдерде және бұл мәселе бойынша бірыңғай заңнамалық кесім жоқ;

заңнамалық кесімдерде ( Салық , Әкімшілік кодекстерде, кейбір мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын заңдарда және т.б) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге ерекше ұстанымдар көзделмеген және сондықтан да мемлекеттік органдардың кәсіпкерлерге қатынасы олардың қызметінің ауқымына қарамастан бірдей;

тексеру, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша рәсімдердің нақты бірыңғай сипаты мен бірыңғай глоссарилері жоқ. Әртүрлі мемлекеттік органдар тексерулердің түрлі сыныптамасын (рейдтік, кешенді, қарама-қарсы, жоспарлы, жоспардан тыс, хронометраждық, ағымдағы және т.б) қолданады;

бақылау-қадағалау органдары жұмысының тиімділігін бағалаудың қазіргі практикасы анықталған бұзушылықтар мен салынған айыппұлдардың санына байланысты;

кәсіпкерлік субъектілердің қызметінде төтенше жағдай туындағанда (ғимараттың құлауы, жаппай улану, кісі өлімі және т.б) аталған объектіге тексеру жүргізген лауазымды тұлғаның жауапкершілігі бір мезетте қаралмайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің жекелеген ережелері шағын және орта кәсіпкерліктің тұрақты дамуына кедергі келтіреді.

Атап айтқанда, салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдарды қоспағанда, әкімшілік айыппұлдардың еселенген мөлшері шағын кәсіпкерлік үшін де және ірі бизнес үшін де бірдей белгіленген.

Лауазымды тұлғаның барынша аз және барынша көп мөлшерде (5-тен 2000 айлық есептік көрсеткішке дейін) белгіленген айыппұлдың сомасын өз қалауы бойынша таңдау мүмкіндігі әрбір құқық бұзушыға қатысты жемқорлықтың туындауына әкеліп соғады.

Сонымен қатар, айыппұлдардың жоғары ставкасы кәсіпкерлердің өзін заңға сәйкес айыппұл төлеу не "аз" пара беріп құтылуды таңдауға итермелейді.

Лицензиялауға, акредаттауға, стандарттауға, сертификаттауға жататын жұмыстардың, тауарлар мен қызмет түрлерінің қазіргі кең көлемді тізбесі іскерлік

белсенділіктің, кәсіпкерлік бастаманың өсуіне кедергі келтіреді. Бұдан басқа, лицензияны беру ретінде, және одан әрі лицензиялық қызметті негіздейтін қосымша рұқсат беру жүйесі (рұқсат беру, қорытындылау, келісу) бар. Бұл іс жүзінде елде кәсіпкерліктің және әсіресе шағын және орта кәсіпкерліктің қызмет етуі мен дамуын тежейді.

Осылайша, әкімшілік кедергілердің ауыртпалығы негізгі кемшілік болып табылады:

тікелей әрекет етпейтін кесімдер, көптеген кіші заңи кесімдер бар;

мәні бойынша мемлекеттік функциялар берілген, мемлекеттік органдар уәкілеттік еткен көптеген мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар қызмет етеді;

шектен тыс статистикалық және салықтық есептілік бар;

жекелеген мемлекеттік органдар өздерінің бақылау-қадағалау, рұқсат беру және келісу функциялары мен өкілеттіктерін қысқартуға дайын емес.

Мемлекеттік мұқтаждықтар үшін тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) жеткізіп беруде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің ашықтығын және олардың барынша көп қатысуын қамтамасыз етуі тиіс "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының аясында мемлекет пен шағын және орта кәсіпкерліктің өзара қатынасын жеке атап өту керек. Алайда, практикада мемлекеттік тапсырыс берушілер шағын және орта кәсіпкерлік үшін заңда көзделген жеңілдіктерді мүлдем дерлік қолданбайды.

## Параграф 3. Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымдары

Экономикалық дамудың осы кезеңінде мемлекеттің негізгі рөлі кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымдарын жасау болуы тиіс.

Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымы - бұл субъектілердің дамуына жәрдемдесетін және оларға кәсіпкерліктің дамуы үшін қажетті қызмет көрсететін және кәсіпкерлік ортаның тыныс тіршілігіне орта мен жағдайды қамтамасыз ететін ұйымдар мен бірлестіктердің жиынтығы.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлікті қолдау саласында көптеген түрлі институттар бар, қолдаудың базалық қағидаттары, нысандары мен тетіктері қалыптасқан.

Институттардың құрылымының функционалдық бағытына байланысты инфрақұрылымдар былай айқындалады:

қаржы институттары;

қоғамдық ұйымдар, салалық қауымдастықтар;

бизнес-инкубаторлар, индустриялық және технологиялық парктер;

ақпараттық-талдамалық маркетингтік, консалтингтік, оқыту орталықтары;

халықаралық институттар.

Мемлекет бастамасы бойынша құрылған қаржы институттары мынадай

ұйымдардан көрінеді:

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы және оның өңірлік бөлімшелері;

лизингтік компаниялар;

микрокредиттік және микроқаржы ұйымдары.

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" (бұдан әрі - Қор).

Қор қызметінің негізгі мақсаты - өз қаржы қаражатын және мемлекеттің шағын кәсіпкерлікті дамытуға бөлген қаражатты тиімді пайдалану.

Қордың барлық облыс орталықтарында және Астана қаласында бөлімшелері бар. Қордың несие портфелі өз қаражаты, республикалық бюджет қаражаты және Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі және Азия Даму Банкі қарыздары есебінен 2005 жылғы 1 қаңтарда 15,4 млрд. теңге құрады. ЕҚКДМ-мен қарыз туралы келісімге сәйкес 2005 жылы үлкен қаржы ресурстары кетуі күтілуде.

Қордың қаражаты шағын кәсіпкерліктің қалыптасу процесінде оң рөл атқарды, бірақ соңғы қарыз алушы үшін пайыздық ставкаларды нақты төмендетуді қамтамасыз етпеді және ұзақ мерзімді өндірістік жобаларды іске асыруға жәрдемдеспеді.

Қор қызметі басталғаннан бері қазіргі уақытта тек ғана өз қаражаты есебінен 6,3 млрд. теңге сомаға 577 жоба қосымша қаржыландырылды. Аталған қаражат бойынша ағымдағы берешек 5,9 млрд. теңге құрайды.

Берілген қаражаттың салалық құрылымы мынадай: қаржыландырудың негізгі көлемі өнеркәсіптік өндіріске - 39 %, ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге - 29,5 %, қызметтер мен көлік саласына - 23 % келеді.

Қордың шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдауы республиканың барлық өңірлерінде 250 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Қордың проблемалары: бұл - оларда кепілдік қаражаттың жеткіліксіздігі салдарынан шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін инвестициялық қаражаттың қолжетімсіздігі.

Микрокредиттік және микроқаржы ұйымдары елдің кредит беру жүйесінің 3-ші деңгейі болып табылады және банк секторы мүдделілігінің бірқатар объективті факторларын (мол әкімшілік шығыстар, кредиттік тарихтың, рентабелді жобалар және өтімділікті қамтамасыз етудің болмауы) қамтымаған кәсіпкерлердің қаржы қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыруға тартылған. Ұсақ кәсіпкерлер үшін өз капиталы, гранттары мен бағдарламаларға қатысушылардың жарналары есебінен кредит беруді жүзеге асыратын микрокредиттік және микроқаржы ұйымдары кредиттік қатынастар жүйесі деңгейін мемлекет тарапынан аз реттелуші болып табылады. Сонымен қатар, жоғары операциялық және үстеме шығыстар, қарыз берушілердің нысаналы топтарына қызмет етумен байланысты тәуекелдерді ескере отырып, аталған операциялардың қызметі басқа кредиттік мекемелердің қызметімен салыстырғанда шығын көлемі көп болып табылады. Сондай-ақ микрокредиттік және микроқаржы

ұйымдары өз қызметінде микро кредиттер берумен қатар өз тәуекелдерін төмендету үшін әлеуетті қарыз алушыларды шағын бизнесті жүргізу жөнінде оқытумен және консультациялық көмектер көрсетумен айналысады. Осылайша экономикалық міндеттерді шешумен қатар микрокредиттік және микроқаржы ұйымдары кәсіпкерлік бастаманы дамытуға, халықтың экономикалық белсенді бөлігінің өз-өзін жұмыспен қамтуын қамтамасыз етуге оның жалпы өмір сүру деңгейін арттыру мен кредиттік мәдениетке баулуға бағытталған әлеуметтік міндеттерді шешуге тартылған. Сондай-ақ микрокредит беру саласын дамыту міндеттерінің бірі ұсақ қаржы делдалдарын заңдастыру және көлеңкелі сектордан шығару болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік статистикалық тізілім мәліметтері бойынша микрокредиттік ұйымдардың саны 2005 жылғы 1 қаңтарда 177 бірлікті құрады, олардың нақты жұмыс істейтіндері 40,7 % (72 бірлік) құрайды, уақытша бостары - 10,2 % (18 бірлік), бір ұйым тарау процесінде, қалғандары қалыптасу сатысында.

Микрокредиттік және микроқаржы ұйымдарының проблемалары - осы уақытқа дейін микрокредит беру жүйесінің дамуын тежейтін негізгі факторлар микрокредит беру жүйесінің дамуына тұжырымдамалық қағидаттарды, әлеуетті инвесторлар үшін микрокредиттік ұйымдардың одан әрі тартымдылығын арттыру үшін аталған саланы мемлекет тарапынан кешенді қолдаудың болмауы.

Микрокредит беру саласын дамыту проблемалары, бұл:

одан әрі орналастыру үшін қорлардың тапшылығы мен қымбаттылығы;

микрокредиттік ұйымдарының қаражатының жеткіліксіздігі;

микрокредиттік ерекшелікпен таныс білікті кадрлардың жетіспеушілігі;

микрокредиттік жүйеге қатысушылар үшін әдістемелер мен оқыту бағдарламаларының болмауы;

техникалық және ресурстық базаның болмауы;

микроқаржы саласының жағдайын, үрдістері мен оның дамуының перспективаларын, олардың дамушы құрылымына жетекшілік ететін бірыңғай органның және оларды бағалау әдісінің болмауы;

дамыған мониторинг жүйесінің, ішкі бақылаудың болмауы;

қаржы ресурстарын тартуға қиындықтар туғызатын отандық банктер мен басқа да банктік емес ұйымдардың микрокредиттеу ұйымдарымен әлсіз өзара іс-әрекеті;

микрокредиттік ұйымдардың мемлекеттік басқару органдармен және мемлекеттік даму институттарымен ынтымақтастығының пысықталмаған кестесі.

Қоғамдық ұйымдар мен салалық бірлестіктер (қауымдастықтар) азаматтық қоғам қалыптастыру мәселелерінде әлеуметтік проблемаларды шешуде мемлекет пен азаматтар арасындағы байланыстырушы рөл атқарады және кәсіпкерлік ортада қоғамдық қатынастарды реттеу тетіктерінің бірі болып табылады.

Қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар салыстырмалы түрде әлі жас.

Қазіргі ұйымдардың көпшілігі соңғы бес жылдың ішінде тіркелген және кәсіпкерлікті дамыту жобаларын іске асыруда жеткілікті тәжірибе жинақтаған жоқ, мемлекеттік органдар үшін де, және нысаналы аудитория үшін де байсалды әріптестік имидж құрған жоқ.

Сондықтан үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар бытыраңқы, бір-бірімен байланыссыз әрекет етеді, олардың қызметі бір біріне қайшы келеді. Қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың едәуір бөлігі шетелдік және халықаралық донорлық ұйымдардың гранттары үшін бәсекелеседі, осыған байланысты олар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің нақты проблемалары мен қажеттіліктеріне емес донордың миссиялары мен бағдарламаларымен үндес жобаларды әзірлейді және іске асырады.

Қазіргі уақытта экономиканың басым салаларын дамытуда және нақты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін алғанда мемлекет мүддесінің жүйесіне жалғауға қабілетті барабар үкіметтік емес ұйым жоқ. Осыған байланысты, ҮЕҰ-ның қызметі қалың бұқарада нақты жобаға бекітусіз және міндеттердің нақты қорытындамасынсыз жалпы мәселелерді шешуге тіреледі, жергілікті атқарушы органдар үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарды тең құқықты әріптес ретінде қарамайды және шешім қабылдаудың нақты процесіне тартпайды.

Бизнес-инкубаторлар, индустриялық және технологиялық парктер. Қазіргі уақытта Қазақстанда 44 бизнес-инкубатор мен инновациялық орталықтар қызмет етеді. Олардың мүлдем барлығы дерлігі жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша құрылды және өздерінің қалыптасу кезеңінде.

Бизнес-инкубаторлар - өз алаңдарына арнайы жеңілдік жағдайда іріктелген шағын кәсіпорындарды орналастыратын және оларға консалтингтік, оқыту, бухгалтерлік және офистік қызметтер, оқыту бойынша қызмет көрсететін құрылым. Бизнес-инкубаторлардың негізгі мақсаты оның аумағында орналасқан шағын кәсіпорындардың орнықты қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады.

Негізінен жоғары оқу орындарының базасында немесе ғылыми-зерттеу институттарының базасында осы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін пайдалану және технопарк аумағында орналасқан инновациялық кәсіпорындарды құру және дамыту арқылы әзірленген технологияларды коммерциализациялау мақсатында құрылған технопарктер бар.

Көптеген бизнес-инкубаторлар инфрақұрылымның аталған нысанын құру тұжырымдамасының халықаралық практикасына сәйкес емес: офистік және өндірістік үй-жай ұсынумен заңды тұлғаны ұйымдастырумен шектеледі және өзінің нақты міндетін әлсіз орындайды не мүлде орындамайды:

бизнес-инкубаторлардың менеджерлері мен ұйымдастырушыларының теориялық және практикалық даярлығының әлсіздігіне;

биліктің жергілікті органдары тарапынан бизнес-инкубаторларды түсіну мен қажетті қолдаудың болмауына;

қаржы қаражаты мен ақпараттың болмауына әкеліп соғады. Технопарктер қаржылық дербестікке жеткен жоқ және мемлекет пен басқа ұйымдар тарапынан қолдауды қажет етеді.

Ақпараттық-талдамалық, маркетингтік, консалтингтік, оқыту орталықтары. Шағын және орта кәсіпкерлік құрылудың бірінші кезеңінде бірқатар проблемалармен түйіседі, олар: шағын және орта кәсіпкерді тіркеу куәлігін қалай алу, қандай салық режимін таңдау, қаржыландыру мәселесі бойынша қайда бару керек. Сондықтан осы кезеңде негізгі рөл консалтингтік компанияларға берілетін болады.

Консалтингтік компаниялар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мынадай бағыттар бойынша қызметтер көрсетеді:

құқықтық қамтамасыз ету:
аудит және бухгалтерия;
маркетингтік зерттеулер;
бизнес-жоспарлау;
салық заңнамасы;
кедендік рәсімдер және т.б.

Консалтингтік компаниялардың қызметтері қымбат және әрбір шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің оларды пайдалануға мүмкіндігі жоқ. Консалтингтік қызметтер рыногі тіпті ірі қалаларда толық емес, ал орталықтан алыс өңірлерде мүлдем дерлік жоқ.

Халықаралық институттар. Бүгінгі күнде қазақстандық шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ресурстық, әдістік және ақпараттық қолдау көрсететін Қазақстан Республикасының аумағында 150 астам акредиттелген шетелдік халықаралық ұйымдар әрекет етуде.

Қазақстанда халықаралық ұйымдар мен шетелдік қорлардың өкілдіктері іске асыратын жобалар мен бағдарламалардың көп түрлігінен хабардар және талдайтын және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен қолдаудың шетелдік институттары арасындағы тиімді кері байланысты қолдайтын бірыңғай орган жоқ.

Көптеген шетелдік ұйымдар үшін олардың жұмыстарының басты нәтижесі тапсырыс берушіге бөлінген қаражатты "игеру" нәтижелері туралы сындарлы есеп болып табылатыны практикаға айналды (бұл ретте тапсырыс берушіден басқа ешкімге жұмыстардың нәтижелері ұсынылмайды, орындалатын жұмыстар туралы тек органдар, яғни қандайда бір жоба оған қатысты іске асырылса ғана ақпарат алады). Қазақстанда түрлі шетелдік және халықаралық институттар бастамашы болған қайталанатын жобаларды халықаралық ұйымдар жиі іске асырады.

Құрамына мемлекеттік органдар мен республикалық қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіретін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан 2002 жылы Шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылды. Комиссия консультативтік-кеңес орган болып табылады және оның шешімі

ұсынымдық сипат алады.

2002-2003 жылдары мемлекеттік органдар жанынан құрамына олардың қызметкерлері және кәсіпкерлер қауымдастықтары мен қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері кіретін Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері бойынша сараптама кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылды. Кеңестің шешімі ұсынымдық сипат алады.

Комиссия мен Кеңестің негізгі міндеттері шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілері мен қолдаудың инфрақұрылымдары арасындағы негізгі проблема - бұл қатысушылар арасында өзара іс-әрекетті бастайтын және ұйымдастыратын бірыңғай үйлестіруші орган немесе институттың болмауы.

## Параграф 4. Кәсіпкерлікті қолдаудың әлемдік тәжірибесі

Жаңа жұмыс орындарын құру мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету басымдығы тұрғысынан шетелдерде шағын кәсіпкерліктің дамуына үлкен мән беріледі.

БҰҰ-ның даму бағдарламасы бойынша шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санынан 95 %-ға артық. Әлемдік экономикада мұндай кәсіпорындардың үлесіне жұмыспен қамтылғандардың 60 % астамы келеді, ал олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50 %-ға жетеді.

Рыноктік қатынастардың қалыптасуы кезінде әсіресе шағын кәсіпкерлік мемлекеттік қолдауға мұқтаж болатындығына әлемдік тәжірибе куә. Бұл ретте, тіреледі бизнесті бәсекеден қорғауға немесе ол үшін ерекше "жұмсақ" жағдайлар құруға емес технологиялық жетілдірудің генерациясы фирмаішілік процесті үнемі ынталандыратын және фирманың бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін оқытатын жағдайларды қамтамасыз етуші шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың нысаны мен мақсаты шешуші мәнге ие. Мұны соңғы уақытта экономикада ілгерілік жасаған көптеген елдердің тәжірибесі көрсетеді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шаралары:

жаңа технологияларға (технологиялар мен экономикалық ақпараттар ұсыну, консультация және оқыту) қол жетімділікті жеңілдетуге;

рынок капиталына (салық жеңілдіктері, амортизацияның ерекше нормалары, мемлекеттік субсидиялар, рыноктік және жеңілдікті кредитті ставкалар арасындағы айырмашылықты қаржыландыру түріндегі жеңілдікпен кредит беру) қол жетімділікті жеңілдету;

кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесетін кластерлік-желілік ұстанымды енгізу арқылы шағын компаниялар мәселесі бойынша туындайтын проблемаларды шешуге бағытталған.

Кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы іске асырылған елдер - бұл Италия, АҚШ, Жапония, Германия, Корея, Дания, Ұлыбритания, Франция, Мексика, Чили, Бразилия. Бірқатар дамыған және дамушы елдерде кластерлік-желілік ұстанымға негізделген шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын іске асыруды мысалға келтіреміз.

1. Италия. Бірінші рет кластерлік-желілік ұстаным Италияда 70 жылдар қолданылған. Шағын және орта бизнеске кластерлік-желілік ұстаным тұрғысынан осы ұстанымның дамуы бастау алатын "үшінші Италия" [1] деген атқа ие болған Италияның тәжірибесі қызық. 70 жылдардың соңында "бірінші" және "екінші" Италия экономикалық дағдарысты басынан өткізді, елдің солтүстік-шығыс және орталық бөлігі экономикалық өсудің жоғары түрін көрсетті. Негізінен шағын және орта кәсіпорындар әрекет ететін (тоқыма және былғары өндірісі, аяқ киім, керамика және жиһаз өндірісі) бірқатар салаларда қалыптасқан кластерлер шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тек ғана жаңа жұмыс орындарын ғана құрып қоймай, экспорт рыногына да шыға алды. Сол уақытта Германия мен Ұлыбританияның ірі кәсіпорындары құлдырауды басынан өткізіп жатты, "үшінші Италияның" шағын және орта кәсіпкерлік кластерлері өндіріс пен экспортты арттырды. Бұдан басқа, шағын және орта кәсіпкерлік кластерлері өндірістік процеске инновацияларды енгізуге қабілетті болып шықты.

_____________________________

[1] "Бірінші Италия" - Италияның дәстүрлі бай солтүстік-батыс бөлігі, "екінші Италия" - елдің кедей оңтүстік бөлігі.

2. АҚШ. ЖҰӨ-нің 50 %-нан астамы, инновациялардың жартысынан астамы, ұлттық жұмысшы күшінің 2/3 астамы шағын кәсіпкерлікке тартылған. АҚШ-та шағын кәсіпкерлік ел экономикасын оңалтуда шешуші рөл атқарды. Бұл үшін АҚШ-та аталған сектордың дамуына көмек беретін құрылым - АҚШ шағын бизнес әкімшілігі (1953 жылы құрылған) бар. Сапалы, клиентке бағытталған кең ауқымды бағдарламалар қалыптастыру және кәсіпкерлер қоғамдастығын барлық жаңалықтар туралы уақтылы хабардар ету - қызметтің мәні.

3. Жапония. Шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі барлық компаниялар санының 99,6 %-ын, ЖІӨ-нің 55 %-ын және өнеркәсіпке жұмыспен қамтылғандардың 80 %-ын құрайды. Шағын кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік саясатты іске асыру үшін шағын және орта кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік саясатты іске асыратын мамандандырылған органдар желісі құрылды.

Жапонияда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі шаралары:

ШОБ-ты жаңғырту үшін кредиттер мен жеңілдікті кредиттерге кепілдік беру және сақтандыру жүйесі арқылы қаржыландыру қол жетімділікті жеңілдету (20 жылға 1,05 %-дық ставкамен);

бизнес-инкубаторлар құру, салық салу, және менеджмент, персоналды басқару және

рыноктағы ахуал туралы ақпарат, сондай-ақ оқыту бағдарламаларын ұсыну мәселелері бойынша қысқа мерзімді негізде мамандарды ұсынумен инвестициялық жобаларды бағалау арқылы бизнесті қолдау жүйесін құру;

техникалық көмек, қаржылық және заңнамалық қолдау арқылы жаңа және венчурлық бизнес құруды ынталандыру;

жаңа әзірлемелерді коммерциализациялауды қолдау мен ғылыми орта, бизнес және үкімет арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру арқылы технологиялардың дамуын қолдау;

пайыздық төмен ставкалар бойынша субсидиялау және кредит беру арқылы бизнесте инновацияларды қолдау, венчурлық жобаларға мемлекеттің қатысуы және зерттеу кәсіпорындары үшін патенттік төлемдерді төмендету.

Жапонияда зерттеулерді дамыту деңгейі бойынша жетекші рөлді технопарктер алады. 70 % шамасында жапондық технопарктер өңірлердегі шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарын қолдау үшін құрылды, бұл ретте, 58 %-ы жоғары технологиялы өнімдер өндіруге бағытталған.

4. Германия. Германдық кластерлік-желілік ұстанымды қолдаудың негізгі қағидаттары - бұл мынадай рыноктік тетіктерге:

мемлекеттік қолдауға емес шағын және орта кәсіпкерліктің дербестігіне басымдыққа;

тиімсіз кәсіпорындар рыноктан кетуі керек;

шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттің қаржылай көмек беруі үшін негізгі талап - кредитке қабілеттілікке тірек болады.

5. Корея. Барлық компаниялардың 99,5 %-ын құрайтын 3 млн. шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Соның ішінде шағын компаниялардың үлесі 97 % құрайды. Оңтүстік Кореяда шағын компаниялар жұмысқа орналастырудың маңызды көзі болып табылады, өйткені онда елдің экономикалық белсенді халқының 87 %-ы жұмыспен қамтылған (10 млн. астам). Шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне елдің ЖІӨ-нің жартысы және оңтүстіккореялық экспорттың 43 % тиесілі.

6. Израиль. Қолдау инфрақұрылымының объектілері құрылған, олардың көпшілігі мемлекеттік. Кәсіпорындарды қаржыландыруға көмек беретін мемлекеттік және бірнеше жеке қорлар бар, ал мемлекеттік субсидия бизнесті жүргізу үшін қажетті қаражаттың 3/4-ін құрайды, 1/4-і - кәсіпкердің салған қаражаты.

Бизнес-инкубаторларды қолдайтын венчурлық қорлар бар, оларда алдымен жаңа инновациялық жобалар жасалады.

Осылайша, технопарктер мен бизнес-инкубаторлар мемлекет ғылыми-техникалық салалардың дамуын қолдайтын және мұндай саясаттың алдына шаруашылық жүйені оңтайландыру мен ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне бейімдеу міндеті қойылған елдерде жақсы дамыған.

Ғылыми-өнеркәсіптік парктер болашақтағы технополистердің - озық технологиялар

, ғылыми зерттеулер мен жобалау-құрастыру әзірлемелері қалаларының қазіргі үлгілері болып табылады. Өтпелі экономикалы көптеген дамушы мемлекеттер мен елдер үшін ғылыми-өнеркәсіптік парктерді дамыту басымдығының стратегиясы - бұл жоғары технологиялық деңгейдің өңірлік орталықтар желісін дамыту, барлық ұлттық шаруашылықты зияткерлендіру негізінде қызметтің жаңа салаларында ілгерілеу.

Технополистерде ғылым, жоғары технологиялар, дәстүрлі ұлттық мәдениет үйлесім тапқан және шығармашыл, жан жақты дамыған адамдардың жаңа қоғамы құрылады.

## Параграф 5. Бәсекелі ортаға берілетін қызмет түрлерін талдау

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына сәйкес мемлекеттік органдардың қарамағында 400-ден астам республикалық мемлекеттік кәсіпорындар бар, алайда алдын ала жүргізілген сараптама олардың саны бүгінде 509 құрайтынын көрсетті.

Мемлекеттік органдардың мәліметтері бойынша республикалық коммуналдық меншікте барлығы 4892 кәсіпорын бар.

Заңды тұлғалар тізбесінде (акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) орталық атқарушы органдардың атынан жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуымен 178 ұйым бар. Жергілікті атқарушы органдар 1061 акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшылары және қоса құрылтайшылары болып табылады.

Мемлекеттің қатысуымен кәсіпорындардың қызметіне алдын ала жүргізілген талдау олардың қызметінің бүгінгі күннің жағдайларына сәйкес келмейтінін көрсетті. Кәсіпорындар іс жүзінде рынокті мемлекеттік монополияға айырбастап, мемлекетке сәйкес келмейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда. Әсіресе мұндай тәжірибе мемлекеттік тапсырыс есебінен өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарға тән. Бір қатар мемлекеттік кәсіпорындар рыноктік ортаға кең ұсынылған қызметті жүзеге асырады: сауда - делдалдық қызмет, көлік қызметтері, сервистік сипаттағы қызметтер, құрылыс, баспаханалық және басып шығару қызметі, абаттандыру, ғимараттар мен құрылыстарға қызметтер көрсету, ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету және бағдарламалық өнім жасау және т.б. Ірі мегахолдингтер құрамында жоғарыда айтылған қызметті жүзеге асыратын және холдингтің негізгі қызметіне қатысты бейінді емес болып табылатын еншілес ұйымдары бар екендігін айту керек.

Құрылтай құжаттарда көрсетілген мемлекеттік кәсіпорындардың мақсаты мен мәні заңнамада нормалардың нақты жазылмауы салдарынан әрқашан тура мағынасы негізгі мақсатқа сәйкес келе бермейді не кез келген қызмет түрлерімен айналысу мүмкіндігін көздейді.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Қазақстан 2030 даму стратегиясы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы басымдықтары тұрғысынан Бағдарламаның басты мақсаты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметін барынша кеңейтуге және олардың қызметін жандандыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру есебінен Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен дамуының талдамасының нәтижелерін және шетелдік тәжірибені ескере отырып, алға қойылған мақсатқа жету үшін аталған бағытта мынадай міндеттерді іске асыру көзделуде:

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы үшін заңнамалық негіздің барынша ашықтығын құру;

экономиканы бюрократиясыздандыру және әкімшілік кедергілерді жою;

шағын және орта кәсіпкерлікте көлеңкелі айналымды қысқарту;

мемлекетке бейінді емес функцияларды рыноктік ортаға, бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерлікке беру;

кластерлік-желілік ұстаным негізінде тіршілікке қабілетті инфрақұрылымдық жүйелерді құру және қамтамасыз ету;

инновациялық экономикаға кәсіпкерліктің қатысуы.

Жоғарыда аталған міндеттер мынадай негізгі шараларды жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады:

2005 жылы:

тексеру жүргізу, Қазақстан Республикасының бір қатар заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерін әзірлеу және қабылдау;

шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласында заңнамалық негіздің барынша ашықтығын қамтамасыз етуді әзірлеу;

шағын және орта кәсіпкерлік саласында мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларына талдау жүргізу;

шағын және орта кәсіпкерлік саласында мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын қысқарту және жүйелендіру жөнінде шаралар қабылдау;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру көлемін 10 млрд. теңгеге қосымша ұлғайтуды қамтамасыз ету;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдау бөлігінде "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ рөлінің күшеюін қамтамасыз ету;

Үлкен қаржы маркетін құру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру.

2006 жылы:

мемлекеттің қатысуымен мемлекеттің және акционерлік компаниялардың бейінді

емес функцияларына талдау жүргізу және шағын және орта кәсіпкерлікке беру;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру көлемін 10 млрд. теңгеге қосымша ұлғайтуды қамтамасыз ету.

2007 жылы:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру көлемін 10 млрд. теңгеге қосымша ұлғайтуды қамтамасыз ету.

Мемлекеттің жеке сектормен өзара іс-әрекетінің жаңа идеологиясын жасауды аяқтау.

Кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық моделін әзірлеу шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жаңа стратегиясына және мемлекет пен бизнестің өзара қатынасының жаңа идеологиясына көшуді білдіруі қажет. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін мемлекеттің бұдан әрі қолданатын шаралары (нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, салық салу, кредит беру, инфрақұрылымды дамыту және т.б) осы ұстанымды іске асыру тұрғысынан және осы экономикалық модел шеңберінде қолданылады.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізге бағыттары және тетіктері

### Параграф 1. Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы жетілдіру

Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы заңнама. Соңғы он жылдық ішінде қалыптасқан кәсіпкерлік салада болған өзгерістер кәсіпкерлік мәселелерін реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдердің және бар қарама-қайшыларды жою, экономика дамуының қазіргі замандағы жағдайының талаптарына сәйкестендіру және шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы барынша ашық заңнаманы құру тұрғысына тексеріс жүргізу қажеттігін бірінші кезекке қояды.

Сондай-ақ құқық аясынан ескі және тиімсіз құқық нормаларын алып тастау мақсатында заңға тәуелді кесімдердің үнемі мониторингін өткізу жөніндегі барлық мемлекеттік органдардың және "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-тың, оның ішінде ведомстволық сипаттағы міндетін заң деңгейінде бекіту орынды.

Бұл заңдардағы, басқа да нормативтік құқықтық кесімдердегі немесе құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардағы өзгерістерге мемлекеттік органдардың тиісті әсер етуінің қосымша тетігі болады.

Бұдан басқа:

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңға және Үкімет Регламентіне

құзыреттерінің аясына кіретін қолданыстағы заңға тәуелді кесімдердің үнемі мониторингін өткізуге барлық мемлекеттік органдарды міндеттейтін түзетулер енгізу;

өткізілетін мониторингтің нәтижелері бойынша жоғарыда тұрған инстанцияларға мемлекеттік органдардың кезеңді (жарты жылда бір рет) есептілігін енгізу;

әрбір нормативтік құқықтық кесімді, оның ішінде заңдарды заң актілеріне сәйкестендіруді немесе қолданыстарын тоқтату бойынша шаралар қолдануды уақтылы өткізуге міндетті болатын нақты уәкілетті мемлекеттік органға бекіту қажет.

Көрсетілген мониторингті жүргізудің егжей-тегжейлі тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауы қажет.

Бұл шаралар пайдаланылатын нормативтік құқықтық кесімдердің заңдылығын қамтамасыз етуге және қолданыстағы заңнама жүйесінде қазіргі уақытта қалыптасқан жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік қызметін артықшылықты және тиімсіз мемлекеттік реттеуді жою мақсатында шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу кезінде регламенттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде нормативтік құқықтық кесімнің тұрақты әсер етуін егжей-тегжейлі жоспарлауды жүргізу қажет.

Осыған байланысты шағын және орта кәсіпкерлік мәселелерін қозғайтын нормативтік құқықтық кесім жобасын әзірлеу кезінде заң шығарушы деңгейде:

нормативтік құқықтық кесімді қабылдау арқылы шешу ұсынылып отырған проблеманың жан-жақты талдауын жүргізу бойынша міндетті талаптар енгізу;

нормативтік құқықтық кесімді қабылдау арқылы проблеманы мемлекеттік ретке келтіру қажеттігінің негіздемесін егжей-тегжейлі көрсету;

қабылданатын нормативтік құқықтық кесімнің нәтижелігін қамтамасыз ететін нақты тетіктер мен іс-шаралар көздеу;

экономикалық, құқықтық және әлеуметтік зардаптар жоспарларын, қажетті шығыстар мен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері және мемлекет үшін көзделетін табыстардың қаржылық есептерін ұсыну;

нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау мақсаттарына жетудің таңдалған әдістері және тетіктері басымдықтарын негіздеу;

қабылдануының мақсаты болып табылған шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімнің нәтижелігінің көрсеткіштерін және өлшемдерін көрсету. Көзделген көрсеткіштерді орындамау нормативтік құқықтық кесімді қайта қарауға немесе күші жойылды деп тану үшін негіз бола алады;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы шағын және орта кәсіпкерлік мәселелерін қозғайтын нормативтік құқықтық кесімді міндетті ұжымдық талқылауды енгізу;

мемлекеттік органдар жанында қалыптасқан Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі тиісті сараптамалық кеңестерде шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімнің міндетті қаралуын енгізу;

нормативтік құқықтық кесімді Үкіметке енгізген кезде міндетті түрде кәсіпкерлік жөніндегі сараптама кеңесінің сараптамалық қорытындысы қоса беріледі.

Бұл ретте кіші заңи кесімдердің кейінгі нәтижелілігін қадағалау жөніндегі іс-шараларға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру мүмкіндігімен олардың бірлестіктерінің өкілдері, сондай-ақ " Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ тартылады.

Сондай-ақ нәтижелікті қадағалау қандай іс-шаралардан тұратынын және кіші заңи кесімнің нәтижелілігі туралы есепте қандай көрсеткіштер көрінуі керектігін айқындау қажет.

Бұдан басқа, шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі заңға тәуелді кесімдерді қолданысқа енгізудің міндетті шарты олардың жариялануы болып табылатынын белгілеу қажет.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тексерісін өткізу мәселелері жөнінде:

бақылау-қадағалау органдары кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі қызметін тек заңнамалық кесімдермен айқындалған тәртіппен және шартпен жүзеге асырулары қажет. Оларда тексеріс жүргізу мәселелерін регламенттейтін кіші заңи кесімдерді шығаруға мемлекеттік органдардың құзыреті алып тасталуы қажет. Яғни, тексерістер жүргізу тәртібі кіші заңи кесімдермен - Үкіметтің, министрлердің, әкімдердің және т.б. нормативтік құқықтық шешімдерімен айқындалмауы қажет;

тексерістер жүргізу мәселелерін реттейтін құқықтық нормаларды бақылау-қадағалау органдарының мәртебесін айқындайтын заңнамалық кесімдерінде көздеу қажет;

бақылау-қадағалау органдарының мәртебесін айқындайтын заңнамалық кесімдерде дамуының әлеуметтік мәнін ескере, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге ерекше тәсілдер көздеу керек;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін әкімшілік алып қоюлардың репрессивті сипатын алып тастау.

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқықтық статистика (прокуратуралар) органдары тексерулер белгілеу кезінде заңдардың бұзылғандығы анықталған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілерге тексерулер белгілеу туралы кесімдерді тіркеуден бас тартуға құқылы.

Заңнаманы жетілдіру мақсатында бақылау-қадағалау функцияларын регламенттейтін барлық нормалар нақты көрсетілетін "Кәсіпкерлік туралы" және кәсіпкерлік қызметті лицензиялау жөніндегі нақты нормаларды белгілейтін " Лицензиялау туралы ", сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін әкімшілік алып қоюлардың репрессивті сипатын алып тастау мақсатында "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобалары әзірленеді.

**Параграф 2. Экономиканы төрешілдіктен арылтудың тиімді тетіктерін пысықтау және әкімшілік кедергілерді жою**

Экономиканы және әкімшілік кедергілерді төрешілдіктен арылту жөніндегі негізгі күш салулар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін барынша көп қолайлы режимді, барынша аз реттеуіш аясын құруға бағытталатын болады.

Экономиканы бюрократиясыздандыру саласында.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" заң жобасында кәсіпкерлік қызметті реттеу, оны мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаттары, кәсіпкерлік проблемалары жөнінде консультативтік-кеңесші мәселелері, кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу және жою тетіктері, оның ішінде шағын және орта, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік әкімшілендіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде жауапты мемлекеттік органдардың құзыреттері және биліктің бизнес - қоғамдастықпен өзара іс-әрекет нақты көрсетілетін болады.

Сондай-ақ тексеруді өткізу мәселелерін регламенттейтін әр заңнамалық кесімінде қандай-да бір бақылаушы-қадағалаушы орган орындайтын міндеттер ерекшелігін ескере оларды тағайындау үшін негіздемелердің толық тізбесі көзделетін болады, өйткені осындай нақты тізбенің жоқ болуы көптеген бақылаушы-қадағалаушы органдарға қолданыстағы заңды формальды түрде бұзбай өз тексерістерін көп рет белгілеу мүмкіндігін береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі оларды азайту мақсатында әкімшілік кедергілерге талдау және оларға мониторинг жүргізу құралдарын жақсартатын болады.

Әкімшілік айыппұлдар мөлшерлерінің өрістері қысқартылатын болады. Айыппұлдар мөлшерлері бизнес ауқымына байланысты белгіленетін, бірінші рет жасалған құқық бұзушылық үшін айыппұл мөлшері азайтылатын болады.

Әкімшілік кедергілерді жою саласында.

Мемлекеттің бюрократиялық жүйесінің негізін рұқсат беру жүйесі құрайды. Сондықтан кәсіпкерлік қызмет түрлерін мемлекеттік реттеудің рұқсат беру жүйесін нақты регламенттеу үшін:

мемлекеттік монополия саласында "мемлекеттік монополия" терминін нақты айқындайтын мемлекеттік монополия саласын регламенттейтін бірыңғай заң актісі әзірленетін болады.

лицензиялау саласында тікелей қолданылатын "Лицензиялау туралы" жаңа Заң әзірленетін болады, оның шеңберінде лицензияланатын қызмет түрлерінің толық тізілімі ұсынылады;

лицензиялау түрлерін заңға тәуелді деңгейде кеңейтуге тыйым салынады;

лицензиялық тәртіптің қажетті қол жетімдігін, ашықтығын қамтамасыз ететін

лицензиялау саласындағы мемлекеттік функцияларды нақты регламенттеу жүргізілді; олардың үнемділігін қамтамасыз ететін біліктілік талаптар жеңілдетілді.

Сертификаттау саласында қауіпсіздіктерінің көрсеткіштері тұрғысына ғана өнімнің, жұмыстардың (процестердің) және қызметтердің жекелеген атаулары сертификатталатын болады және Дүниежүзілік Сауда Ұйымының ережесі бойынша халықаралық заңнама негізінде сертификаттау процесі жүзеге асырылатын болады.

Стандарттау саласында - стандарттауды халықаралық құқық пен халықаралық сапа стандарттарының нормаларына сәйкестендіру жүзеге асырылды.

Аккредиттеу саласында. Аккредиттеу рәсімі тек ерікті сипатта болады және оны мемлекеттік емес, коммерциялық емес қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады, ал оның бөлігі лицензиялау санатына беріледі.

Мемлекеттік сатып алу саласында әкімшілік кедергілерді алып тастау үшін сондай-ақ мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) жеткізуге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін барынша тарту жұмысы жалғастырылатын болады.

Кәсіпкерлік қызметіне еркіндік құқығының кепілдігін іске асыру мемлекеттен ғана емес, кәсіпкерлердің өздеріне және олардың қоғамдық бірлестіктеріне де байланысты. Әрбір іскер қазақстандық осы ортаға кірігіп, инновациялық экономикадағы өз орнын табуға тиіс.

## Параграф 3. Шағын және орта кәсіпкерлікте көлеңкелі айналымды қысқарту

Кәсіпкерлердің көлеңкелі бизнеске кетулерінің негізгі себептерінің бірі заңды бизнесті жүргізудің жоғары шығындары болып табылады. Осыған байланысты әкімшілік кедергілерді алып тастау, мүлікті заңдандыруды өткізу, кредит ресурстарына жеткілікті қол жетімдігі бойынша жағдайлар құру, шағын орта бизнесті қолдау инфрақұрылымының толық дамуына жету жөніндегі іс-шаралар және шағын және орта кәсіпкерліктегі менеджменттің сана сезімдігін жоғарлату жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу қажет.

Осы Бағдарламада әкімшілік кедергілерді алып тастау, кредит ресурстарына жеткілікті қол жетімдік бойынша жағдайлар құру, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерліктегі менеджменттің сана сезімдігін жоғарлату саласында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын қолдаудың жедел шаралары көзделген.

Мүлікті заңдастыру іс-шараларын өткізу мақсатында "Мүлікті заңдастыруға байланысты амнистия туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әкімшілендіруді және шағын бизнеске салық

салу режимін жеңілдету бөлігінде салық заңнамасына өзгерістерді дайындады.

Атап айтқанда, 2006 жылдан бастап жеңілдетілген декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану аясы:

жеке кәсіпкерлер үшін - жалданатын қызметкерлердің санын 15-тен 25 адамға дейін және шекті кірісті 4,5-тен 9 млн. теңгеге дейін ұлғайта отырып;

заңды тұлғалар үшін - жалданатын қызметкерлердің санын 25-тен 50 адамға дейін және шекті кірісті 9-дан 20 млн. теңгеге дейін ұлғайта отырып кеңейтіледі.

Сондай-ақ ҚҚС бойынша міндетті есепке алу үшін іске асыру жөніндегі барынша аз айналымның мөлшері 12000 орта айлық көрсеткіштен (11,7 млн. теңге) 15000 АЕК-ке дейін (14,5 млн. теңге) көтеріледі. Әлемдік экономикада жұмыспен қамтылғандардың 60 пайыздан астамы шағын кәсіпкерліктің үлесінде, ЖІӨ-дегі олар шығаратын өнімдердің үлесі 50 пайызға жетті.

Халықаралық практикада жаңа жұмыс орындарын құру және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету басымдығы тұрғысында шағын кәсіпкерліктің дамуына үлкен мән беріледі.

Қазақстанда 2003 жылғы ЖІӨ-ге шағын кәсіпкерлік субъектілерінің салған ресми үлесі 16 пайызды құрады.

Қалыптасқан жағдайға сүйене отырып, мемлекет шағын кәсіпкерлік субъектілер қызметтері аясын барынша көбірек кеңейту және оларды белсендету үшін қолайлы жағдайлар құруы керек, осыған байланысты, заң жобасы жоғарыда көрсетілген шараларды ұсынады, бұл олардың ЖІӨ-дегі үлесін көбейтуге жол береді.

Шағын және орта кәсіпкерлікке инвестициялық салық преференцияларын алу тәртібін жеңілдету үшін "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу.

Жоғарыда көрсетілген шаралар Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық кесімдеріне өзгерістер енгізуді талап етеді.

Негізгі сипаттарына байланысты тауарды егжей-тегжейлі суреттеумен кедендік органдарда бағалық ақпарат қалыптастыру үшін "Бағалық ақпаратты қалыптастыру әдісі" өзгертіледі.

Шағын бизнес кәсіпорындарының сауданың ұйымдастырылған нысандарына көшуін ынталандыру бойынша шаралар әзірлеу және тауарлардың ішкі рыногын дамыту мақсатында құрылым және "қапшықтау" саудасының каналдары бойынша жүзеге асырылатын сыртқы сауда операциялар мөлшерін бағалау жөніндегі зерттеулер ұсынылады.

Көрсетілген шаралар барлық бақылаушы өзара іс-әрекетінің нақты схемасын қалыптастыруға, Қапшықтау саудасы рыногін нақты зерттеу жүргізуге, оның көлемін және мемлекеттің төлеу теңгеріміне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Көлеңкелі сектор мөлшерін және қолма-қол айналым мен көліктегі, құрылыстағы және саудадағы формальсыз еңбекпен қамтылу көлемін қысқарту мақсатында орта

мерзімді перспективада:

кооперацияларды ынталандыру - қайта құрылымдау, біріктіру және одақтарға, бюро және т.б. ірілендіру,;

формальсыз экономикадан ресмиге еңбек ресурстарының ағымы үшін жағдайлар туғызу;

қолма-қол төлеу нысанынан біртіндеп электронды, автоматталғанға көшу қажет.

Төлем карталарын пайдалану арқылы төлемдер қабылдауға міндетті сауда (қызмет көрсететін) ұйымдардың санатын белгілей отырып тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол жасалмайтын есептесулер нысанын кеңейту көзделеді.

Атап айтқанда мейрамхана, бар, мейманхана, жол жүру құжаттарын сату кассалар және т.б. қызметін көрсететін ұйымдар үшін карточка терминалдарын міндетті пайдалану көзделеді.

Сауда саласындағы көлеңкелі экономиканың құрамында маңызды үлесті фальсифицирленген және контрафактілік өнімді өндірудің қалыпша дамыған жүйесі бар елдерден күдікті сапалы тауарларды әкелуді және сатуды, сондай-ақ отандық өндірушілердің ұқсас өнімін, төмен сапалы өнімді және халық денсаулығына қауіп әкелетін санитария талаптарына қарсы жағдайларда іске асыруды енгізетін "қапшықтау ", дала; базар саудасы; кішкентай сауда нүктелері құрайды.

Азық-түлік, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінен тыс формальсыз еңбекпен қамтылу қауіпсіздігін жоғарлату мақсатында сауданың ұйымдастырылмаған түрлерінің сауданың өте өркениетті нысандарына біртіндеп көшу жөніндегі жағдайлар мен ынталар құру қажет. Рыноктарда сауда нүктелерінің әлеуметтік танымдылығын арттыру, сауданың әлемдік нормаларын және ережесін, рыноктық сауданы сауда орталықтарына айналдыра оларға өркениетті нысан бере қызмет көрсету стандарттарын енгізу қажет.

Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс объектілерінің қауіпсіздігін жоғарлату, объектілерді тұрғызуға құрылыс материалдарын шығыстау нормаларын сақтау жөніндегі құрылыс ұйымдарына талаптарды күшейту үшін өңірлер үшін белгіленген нормативтік үлестік көрсеткіштерге сай келетін негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар үлгілі жобалар бойынша әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салуға мемлекет тапсырысын орындау жүйесіне көшуді жүзеге асыру қажет.

Құрылыстағы формальсыз еңбекпен қамтуды (ең төменгі жалақымен маусымдық және біліктілігі төмен жұмысқа көршілес елдерден тіркеусіз адамдарды тартуды) қысқарту жөніндегі шара ретінде жұмыс күшін импорттауға жалпы республика және оның өңірлері бойынша экономикада болып жатқан өзгерістерге жедел жауап беруге мүмкіндік беретін ерекшелікке, ауқымдыққа бағытталған квота берудің жеңіл жүйесін енгізу ұсынылып отыр.

Қолма-қол есептесуге жолаушы билеттерін сатудан автоматтандырылғанға біртіндеп көшуді жүзеге асыру қажет.

Қазақстан Республикасы аумағы бойынша автомобильді тасымалдауларды бірыңғай кешенді бақылауды жүзеге асыру және тиімділігін арттыру мақсатында көлік бекеттерінің оңтайлы санын айқындай отырып автотасымалдауларды бақылаудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру ұсынылып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Әкімшілік кодекстеріне заңсыз табыс алу мақсатында лауазымды тұлғаларға пара беретін тұлғаларды жауапқа тарту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

## Параграф 4. Мемлекетке үйлеспейтін функцияларды рыноктық салаға, бірінші кезекте шағын және орта кәсіпкерлікке беру

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін шағын және орта бизнеске беру жөніндегі жұмысты тындыру мәселесі қойылды, бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтері түрлерін түгендеуді өткізуден тұратын Жолдауды іске асыру жөніндегі бөлігі болып табылады.

Бұл жұмысты өткізу кезінде шаруашылық субъектілерінің қарым-рыноктық қатынастарына мемлекет қатысуын азайту негізгі қағидат болады және мынадай ұстанымдарға негізделетін болады:

мемлекеттік кәсіпорындардың іс жүзіндегі санын анықтау;

мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаттарының іс-жүзіндегі тағайындауларына сәйкес келуін тексеру;

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарды құру заңдылығын айқындау;

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық-экономикалық қызметінің экономикалық орындылығын және тиімділігін айқындау;

мемлекеттік кәсіпорындарды бәсекелестік аясына беру мүмкіндігі жөнінде негізделген ұсыныстар дайындау;

мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтері түрлеріне талдау жасау үшін әдістемелік ұсынымдарды әрі қарай әзірлеу.

Жоғарыда баяндалған қағидаттарға сүйене Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік кәсіпорындарды алдын ала талдауды жүргізілді, ол ағымдағы жылда-ақ 4892 кәсіпорындардың ішінен рыноктық ортаға 1186 немесе 2414-ын беру мүмкін екендігін көрсетеді.

Мемлекетке үйлеспейтін функцияларды рыноктық салаға, бірінші кезекте шағын

және орта кәсіпкерлікке беру мақсатында мынадай жұмыстар өткізіледі:

мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың қызметтері түрлерін талдауды жүзеге асыру үшін әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;

тек мемлекеттік органдар, мекемелер және кәсіпорындар атқаратын мемлекеттік функцияларды рыноктық ортаға үйлеспейтін мемлекеттік функцияларды беруді қоса нақты белгілеу;

мемлекеттік кәсіпорындардың және табиғи монополистердің, ұлттық компаниялардың құрылтайшы құжаттарын, табиғи монополиялардың субъектілерін және оларға еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды үйлеспейтін функцияларын табу тұрығысынан оларды шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекелес ортасына беру үшін қызметтері түрлеріне түгендеу жүргізу;

кейбір акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі мемлекеттің қатысу орындылығына талдау жүргізу;

кейбір акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу орындылығына талдау жүргізу;

компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің жеткілікті деңгейде ашықтығын құру ;

бірқатар стратегиялық маңызды мемлекеттік компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды арнайы құрылатын мемлекеттік холдинг компаниясына беруді жүзеге асыру;

бәсекелестік рыногына беруге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттік мекеме болып қайта құрылатын мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін айқындау;

мемлекеттік мекеме болып қайта құрылатын мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін айқындау;

мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан бақылауды жүзеге асыру.

## Параграф 5. Кластерлік-желілік ұстаным негізінде өмір сүруге қабілетті инфрақұрылымдық жүйелерді құруды қамтамасыз ету

Кластерлік-желілік ұстаным. "Кластер" ұғымы экономикалық әдебиетте құнды құрудың бірыңғай тізбектігі шеңберінде бір-бірімен өзара іс-әрекет жасайтын рыноктық институттар мен тұтынушыларды байланыстыратын өндірістік және/немесе қызмет көрсетуші фирмаларды, технологиялар және ноу-хау құрушыларды аумақтық шоғырландыру базасында қалыптасқан индустриалды кешен ретінде анықталады.

Кластерлік-желілік ұстанымның негізінде "ұжымдық тиімділіктің" қағидаты жатыр. Кластерлік-желілік ұстаным: кластер құру (тік және көлденең интеграция);

ортақ іс мүдделері негізінде фирмааралық кооперация;
икемді мамандандыру арқылы шағын және орта кәсіпкерліктің тұйықталуынан озуға бағытталған.

Тек кластерлік-желілік ұстаным одан әрі мемлекеттік қолдаудың негізі болуы және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін бірыңғай желіге жалғау арқылы (оның ішінде өздері арасында және кластер негіздерін қалыптастыра) - шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының институттары - қоғамдық үкіметтік емес ұйымдар - мемлекеттік органдар жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі сарапшы кеңесшілер - ірі жүйе құратын бизнес - билік органдары "тізбектік реакцияны" бастамашылық етуге тиіс.

Кластерлік-желілік ұстаным шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарына өз күштерін біріктіру, тұйықталудан озу және фирмааралық кооперацияны дамыту арқылы өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді. Тек кластерлік-желілік ұстаным шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда оларды экспорттық рыноктарға шығаруға және сол жерде ұтымды бәсекелесуге жәрдемдеседі.

Бұл мәселені шешу үшін ұлттық диаспоралар арасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жөнінде ақпаратпен алмасудың тиімді тетігін құру арқылы Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының әлеуетін тартуға болады, соңында қайтарымды кооперация үшін база құрылады.

Сондай-ақ озықты технологияларды, инвесторларды тарту, сыртқы рыноктарға шығу жолдарын құру үшін диаспорлардың тарихи отандармен байланыстарын пайдалану.

Дамушы елдердің тәжірибесі фирмааралық кооперация кәсіпорындар бір-біріне жақын орналасқан және сату рыноктар, инфрақұрылымға қол жетімдік, шетелдік бәсекелер сияқты ортақ іскерлік мүдделері бар болған жағдайда орнын табатындығын көрсетеді. Осындай кластерлер шеңберінде кәсіпорындардың бірлескен бастамалары мүдделі тараптардың өте көп болуы, ресурстарды жинақтаушы технологияларды пайдаланудан ғана өте күшті, өйткені тіркелген шығындар тараптар, үйлестіру және келісу күштері арасында, шетелдік бәсеке тұлғасы алдында айрықша таратылады.

Бұл мәселені шешу үшін қолда бар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау инфрақұрылымын тиімді пайдалануды жоғарлату бойынша және инфрақұрылым дамуында функционалдық және аумақтық айырмашылықтарды озу бойынша шаралар қолдану жұмысты жалғастыру және кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық моделін әзірлеу қажет.

Үлкен қаржы маркеті. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы ( бұдан әрі - Қор) мемлекеттік қолдаудың жүйеқұраушы элементі ретінде оның аумақтық бөлімшелері жанында, аудандық деңгейді қоса алғанда және микрокредиттік ұйымдардың қатысуымен шағын кәсіпкерлікке көмек көрсету үшін оның жанында

кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру (бұдан әрі - орталықтар) арқылы "бір терезе" қағидаты бойынша Үлкен қаржы маркеті болады.

Орталықтар базасында мынадай қызметтер көрсетіледі:

бухгалтерлік есеп;

салық салу;

құқықтық мәселелер және адвокатура;

шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын дамытуда ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек;

оқу өткізу, ақпараттық-талдамалық және кеңестік қолдау;

экономикалық мәселелер;

қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және т.б. мәселелер;

жергілікті кәсіпкерлік қызметке қызмет көрсетулерді жақындату мақсатында елде кәсіпкерлік дамуының деңгейі және үрдісі жөнінде әлеуметтік зерттеулер бойынша қызметтер көрсетілетін болады.

Бұдан кейін бұл қызметтер рыноктық ортаға берілетін болады.

Бұл ретте бухгалтерлік есеп және салық салу бойынша қызметтерді бухгалтерлік және салық есептілігін қоса алғанда тәжірибелі бухгалтерлер орталықтандыра көрсетеді.

Құқықтық кеңестер және адвокатура бойынша қызметтерді өндірістік емес шығыстарды және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің уақытын барынша азайтуға әкелетін, өзіне міндеттерді алғаны үшін толық материалдық және моральдік жауап беретін кәсіби мамандар тобы орталықтандырылған заң қызметі жүзеге асырады.

Бұдан басқа орталықтар қаржылық және құқықтық әдебиеттері бар кітапханаларды және шағын кәсіпкерлік субъектісі немесе Қаржы супермаркетінің клиенті интернет қызметін, Қордың интернет-каталогын пайдалана алатын, web-сайттарға тапсырыс бере алатын Интернет-орталықтарды ұстайды.

Орталықтар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шетелдік немесе отандық компаниялармен, құрал-жабдықтарды жеткізушілермен, өнімді тұтынушылармен және франчайзерлермен байланысты қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Мұндай орталықтандырылған алаңдар штаттарында бухгалтерлерді, аудиторларды және заңгерлерді үнемі ұстау бойынша субъектілердің шектелген қаражатын айтарлықтай үнемдеуге және теңестіре пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы, Қор:

300 микрокредиттік ұйымдарға кредит беру арқылы Қаржы супермаркетінің жүрегі болатын микрокредиттік ұйымдар желісін дамыту;

1-кезеңде 2005 жылы, көбінесе аудандық орталықтарда және шағын қалаларда 160-қа жуық микрокредиттік ұйымдар құрылады;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейлі банктер берген кредиттерді кепілдендіру жүйесін құру;

Қордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын лизингтік операциялар, жобалық қаржыландыру есебінен кредит беру жүйесін жетілдіру арқылы кәсіпкерлікке қаржылық көмек көрсетуді одан әрі жалғастырады.

Қор жеке кәсіпорындарға сапаның халықаралық стандарттарына көшуге жәрдемдеседі және оларды енгізу жөніндегі шығыстардың 50%-ын өтейді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін жаппай қолдаумен қатар, Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыру процесінде маңызды рөл атқара алатын орта бизнес жобаларының айтарлықтай перспективалығын іздеу және таңдау тетігі құрылады.

Қаржыландыру көзі ретінде қордың барынша тиімді жұмыс істеу үшін Қордың кәсіпорындардың қаржылық талдауы, маркетингтік зерттеулер, жобаны инвестициялау алдында дайындау, жобаларды іске асыру, персоналды басқарудың озық жүйелеріне оқыту бойынша қол жетімді қызметтер ұсынатын үкіметтік емес ұйымдармен кооперациясы орынды.

Бұл ретте шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржыландыру басымдығы кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта бизнесті дамытудың экономикалық моделін іске асыру шеңберінде айқындалатын болады.

Микрокредиттік ұйымдар географиялық қамту және соңғы қарыз алушылардың қаржы қызметтерінің әртүрлі нысандарына, микрокредиттеуден бастап жобалық қаржыландыруға және лизингке дейін қол жетімдікті кеңейту саясатын жүзеге асыратын болады. Микрокредиттік ұйымдар желісі және олардың өкілеттіктері "терең аудандарда" Қаржы супермаркеті бөлімшесінің функциясын жүзеге асыра "бір терезе" қағидатын республиканың алыстаған өңірлерінде жүзеге асыратын болады. Бұдан әрі, микрокредиттік ұйымдар желісі әртүрлі қаржы институттарымен, оның ішінде екінші деңгейдегі банктермен өзара іс-әрекет есебінен қызметтерді кеңейтетін болады.

Микрокредиттік ұйымдарды құру шағын кәсіпкерлікке кредит беруді жүзеге асыратын қаржы институттарының халықаралық қаржы институттарының қаржы ресурстарына (Дүниежүзілік Банк, Европа Қайта Құру және Даму Банкі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі және т.б.) қол жетімдігін кеңейтеді қаржы институттарына қолдау көрсету (рәсімдерді жеңілдету, капиталдар жетімдігі көрсеткішін азайту) жолымен жүзеге асырылады;

Құқықтық ақпарат кабинеттері.

Кабинеттер жергілікті атқарушы органдармен және Әділет министрлігінің өңірлердегі аумақтық органдарымен бірлесе отырып "жалғыз терезе" қағидаты бойынша құрылады және олар:

кәсіпкерлік қызмет орындарына қызметті жақындату мақсатында "құқықтық ақпарат кабинеттерін" құру арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық ақпараттандырылуын жоғарлату жөніндегі жұмыстарды;

одан әрі ақпараттың бәсекеге қабілеттігін және оның қызметін талдау жөніндегі

кеңестерге берумен республиканың аудандары және қалалары бойынша көрсетілетін қызметтер сапасын, санын, қол жетімдігін бағалауды жүзеге асыру үшін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының субъектілері қызметтеріне жыл сайынға мониторингтар жүргізілетін болады.

Мемлекеттің жеке сектормен өзара іс-әрекетінің түбірінен жаңа идеологиясын құру бөлігінде.

Мемлекеттің атқарушы билігінің саясатты шешімдер қабылдау биліктің орталық органдарына, ал іске асырушылық тиісті Комитеттерге және жергілікті атқарушы органдарға кейіннен жүктелетін өткізілген әкімшілік реформасына байланысты. Билік пен бизнес-қоғамдастықтардың өзара қатынасының моделі де реформалауды талап етеді.

Өңірлік деңгейде:

жергілікті атқарушы органдары жанында қызмет ететін шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі сарапшы кеңестер кәсіпкерлік, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктің бастамаларын қолдауда негізгі рөлді берумен түбірінен жаңа деңгейге шығарылады.

Жергілікті атқарушы органдары жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі сарапшы кеңестер орта мерзімді перспективада Бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі кеңестерге қайта құрылулары тиіс, яғни олар қалыптасқан жағдайды талдау мен сараптаумен айналыспай, шағын және орта кәсіпкерлік алдында тұрған мәселені шешетін болады.

Орталық атқарушы органдар деңгейінде:

Акредиттелген салалық кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдерінің қатысуымен орталық атқарушы органдар жанынан сарапшы кеңестері құрылады. Одан әрі акредиттелмеген қауымдастықтарының қатысуымен кәсіпкерлердің жалпы ұлттық одағы құрылады.

Республикалық деңгейде:

Кәсіпкерлердің жалпыұлттық одағының атқарушы органы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Іскер адамдар кеңесі болады, оның жұмыс органы өңірлік Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі кеңестерден, Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мәселелері жөніндегі комиссиядан, Мемлекеттік органдар жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі сарапшы кеңестерден, қоғамдық үкіметтік емес ұйымдардан ұсыныстарды, жалпы саясатты қалыптастыратын мәселелердің жүйелік құрылымына трансформалай отырып жинақтайтын кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган бірлесе отыра болады.

Шағын және орта кәсіпкерлік дамуына жауапкершіліктің орталық деңгейден өңірлік деңгейлерге ауысуын қамтамасыз ету қажет. Осындай ауысудың шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі негізгі миссия жергілікті атқарушы органдарда болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл ретте үйлестіретін рөлді

басты түрде жүзеге асыратын болады.

Мемлекеттің жеке сектормен өзара іс-әрекетінің түбірінен жаңа идеологиясы мынадай түрде құрылатын болады.

Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі кеңестер бизнес ортаның ұсыныстарын топтастырады және оларды Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Іскер адамдар кеңеске ұсынады. Іскер адамдар кеңесі Орталық атқарушы органдар жанындағы сарапшы кеңестердің ұсыныстарын топтастырады және шешімдер қабылдаудың нақты тетіктерін пысықтайды.

Іскер адамдар кеңесінің жұмысының тиімділігін жоғарлату мақсатында Үкіметке енгізілген кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша кеңестер өткізілетін болады.

Бәсекеге қабілеттілік кеңесі және Қаржы супермаркеттері арқылы шешім қабылдау жағдайда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеткізіледі.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы Ұлттық компаниялардың қатысуын атап кету қажет. Үкімет оларды дамыту Жоспарларын бекіту кезінде шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымдық жобаларына Ұлттық компанияларды міндетті тарту көзделеді, бұл өңірлерде шағын және орта бизнестің дамуына алғы шарттар құрады.

Бұл шағын және орта кәсіпкерлікті Ұлттық компаниялар іске асыратын ірі ауқымды жобаларға беру және тартудың өзінше мысалы болады.

Осылай "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық компаниясы мынадай жұмысты ұйымдастырды.

"Қазатомөнеркәсіп - Демеу" коммерциялық емес ұйымы (бұдан әрі - Компания) " Қазатомөнеркәсіп" ЖАҚ ҰК-ның директорлары кеңесінің шешіміне сәйкес, елді мекендерге тұрып жатқан персоналдың өмірі сапасын жоғарлату арқылы " Қазатомөнеркәсіп" ҰК-ның қалашықты кәсіпорындарында мамандарды тарту және ұстап қалудың стратегиялық мәселелерін шешу үшін құрылды.

Компания өз миссиясын кәсіпорын қызметкерлері және олардың Таукент, Шиелі, Қыземшек кенттерінде тұратын жанұялары үшін лайық өмір жағдайларын құруда көріп тұр, осыған байланысты, қазіргі уақытта Компания осы кенттерде шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламаларын әзірлеп, іске асырып жатыр.

Барлық жоғарыда көрсетілген шаралар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне бәсекеге қабілеттіктерін, сондай-ақ Қазақстанның бәсекеге қабілеттігін жоғарлатуға көмектеседі.

## Параграф 6. Кәсіпкерліктің инновациялық экономикаға қатысуы

2015 жылға дейінгі индустриалдық-инновациялық стратегияны тиімді іске асыру және оған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің барынша көбірек қатысуы мақсатында инновациялық жобаларды іске асырудың алғы шарттары құрылады, оның

негізі отандық және шетелдік ғылым әлеуетін пайдалану негізінде бәсекеге қабілетті соңғы өнім құруды қамтамасыз ететін ашық үлгідегі жаңа инновациялық жүйе болады.

Жаңа инновациялық жүйе ғылыми әлеуетті дамытады, көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылымды қалыптастырады, берілетін гранттар түрлерін кеңейту және венчурлік қорларды құру бөлігінде қаржы инфрақұрылымдарының элементтерін және тетіктерін дамытады.

Осы бастамаларды ұтымды іске асыру үшін Ұлттық инновациялық Қордың өсу әлеуеті жоғары жобаларды іске асыруға шағын және орта кәсіпкерлікті тарту жөніндегі рөлі жандандырылады. Бұл іс-шаралар шетелдік венчурлік қорларды тартумен венчурлік инвестициялау арқылы іске асырылады, бұл озықты шетелдік тәжірибені алуды қамтамасыз етуі керек.

Технологиялық бизнес инкубаторларды - технологиялық инновацияларды құратын және іске асыратын және оларға консалтингтік, заңгерлік, лизингтік және өзге де қызметтер көрсететін арнаулы пысықталған жеке және заңды тұлғаларды өз алаңдарында белгілі бір мерзімге орналастыратын құрылымдарды құру.

Коммерциялық тиім жағынан әлеуетті перспективалы болып табылатын жаңа технологияларды, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді құруға бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулік және тәжірибелі конструкторлық әзірлемелердің гранттарын беру жүйесі қайта қаралады.

Мынадай гранттардың нысандары қайта қаралады:

шағын гранттар - ғылыми зерттеулік және тәжірибелі конструкторлық әзірлемелерді өткізу үшін 7,2 млн. теңгеден (55 мың АҚШ доллары) кем емес сомаға тартылатын;

